

14 тақырып. Әртүрлі жастардағы аудиториямен музей экспозициясына жұмыс жасаудың педагогикалық–психологиялық ерекшеліктері.

Жоспар:

1. Музейдегі мектеп жасына дейінгі балалар
2. Музейдегі бастауыш мектеп жасындағы балалар
3. Музейдегі орта мектеп жасындағы балалар
4. Музейдегі студенттер.

Музейдегі мектеп жасына дейінгі балалар. Мектеп жасына дейінгі балалар көркемөнер музейінің ең кішкентай келушілері болып табылады. 3 жастан 6 жасқа дейінгі аралықта тұлғаның негіздері қалыптаса бастайды және көп ретте оның кейінгі дамуының сипаттары айқындалады. Сондықтан кішкентай балалармен жұмыс істеудің музейлік-педагогтық қырларына айрықша назар аудару керек.

Жоғарыда аталған жас кезеңінде қоршаған дүниені қабылдау сипаты кеңейіп, тереңдей түседі, жады мен зерде бейнелік сипат ала бастайды, қиял дамиды. 5-6 жасқа қарай кейбір психиалық процестер оларды басқару тұрғысынан неғұрлым еркін бола бастайды, бірақ бұл жастағы еріксіздік олардың негізгі сипаты болып табылады. Бұл жаста зерде недәуір тұрақты да ұзақ бола бастайды, белгілі бір шекте өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті дамиды. Бұл жастағы балалар үшін құрдастарымен және көбінесе ересектермен сөйлесуге деген қызығушылық тән. Оларда көру белсенділігі жоғары болады: визуалды нысандарды қарағанды ұнатады, олардың көптеген сипаттық ерекшеліктерін бірден байқайды және форма, түс, фактура туралы көп сұрақ қояды, бұл олардың бойындағы көркемөнер музейіне баруға және оның көрмесінде жұмыс істеуге деген әзірліктен хабар бепеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда әрекеттің басты формасы мазмұны мен сипаты біртіндеп өзгеріп отыратын ойын болып табылады. Мысалы, 1-3 жасар сәбидің ойыны тек заттармен әрекет жасау болса, 4-5 жасқа келгенде ол баланың әлеуметтену үдерісіне ықпал ететін сюжеттік-рольдік формаға енеді. Ересектерге еліктеп, ол ойын барысында өзіне таныс өмірлік көріністерді элементар деңгейде қайталайды да, сол арқылы өзіне лайық дәрежеде әрекет тәжірибесін жинақтайды. Ойын үдерісінде баланың көркемдік дамуына қажетті психикалық қасиеттер белсенденетінін естен шығармағн жөн. Әңгіме шығармашылық қиял, фантазия, сонымен қатар ым-ишара, пластика және үн ырғағы арқылы рольдік бейненің қасиетін жеткізуге деген қабілет жөнінде болып отыр. Сюжеттік-рольдік ойын сонымен қатар қатынас жасау дағдыларының қалыптасуына, өзге адамдармен өзара қарым-қатынас жасау тәжірибесінің жинақталуына да ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік даму ерекшеліктері олардың көркемөнерді қабылдауға емес, өзіндік бейнелеу өнеріне көбірек бағытталатындығы да зор мәнге ие. Бала өз уақытының басым бөлігін ермексаздан мүсіндер жасап, сурет салып,

ойыншықтар құрастырып өткізеді, бұл оның ойнау қабілетін, шығармашылық қиялын, сезімдік қабілеттерін дамытады. Бейнелеу әрекеті баланың қоршаған дүниені меңгеруінің ең тиімді жолдарының біріне айналады және онымен болашақта шынайы қатынас жасауға даярлайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың салған суреттері жарқын бейнелілігімен, көріністілігімен және түстерінің күштілігімен, композициялық тұтастығымен ерекшеленеді. Стилистикасы (контурдың, түстердің бейнелілігі) жөнінен олар өнердің архаикалық формаларына жақын. Көрмедегі көркемөнер туындыларын балалардың қабылдауы да көп жағынан бейнелеу өнерінің осы бір ерекшеліктеріне сәйкес келетіні анық. Мысалы, кіші топтағы балдырғандар бейнені тану деңгейінде қабылдайды. Картинадағы тұтастай көрінетін ірі және жарқын заттарды тану баланы ләззатқа бөлейді. Бала танымының бұл сатысындағы бастысы – ол заттың тек объективті-физикалық қасиеттерінің ғана емес, онда көрініс тапқан бейненің де бар екенін түсінуі болып табылады.

Халық шығармашылығы көрмесінде де баланы өзіне таныс тұрмыстық заттарды тану үдерісі қызықтырады. Оны олардың айрықша формасы, заттардың бейнелік-пластикалық шешімі, сонымен қатар олардағы ою-өрнектердің, рельефтің немесе бейнелі детальдың болуы қызықтырады.

Орта топтағы мектеп жасына дейінгі балаларда көру арқылы қабылдау үдерісінде танымдық әрекет белсенді жүзеге асырылады: бала өз бетімен немесе ересектердің көмегімен нысанды тануға мүмкіндік беретін маңызды сипаттарды бөліп қарастыруға қабілетті. Музей көрмесінде ондай сипат ретінде форма, көлем, түс, материал, кейбір заттарға, картиналардың кейіпкерлері мен қаһармандарына тән жекелеген маңызды детальдар көрінеді.

5-6 жастағы бөбектер өнет туындыларында бейнеленген оқиғалар мен образдарды өздерінің әлі кішкентай өмірлік тәжірибесі тұрғысынан түйсінуге қабілетті.

Бұл жас тобындағы балалардың салған суреттерінде тақырыбы мен сюжеттері күрделене және сан алуандала түседі, бейнеленген оқиға мен кейіпкердің тұлғалық және эмоциялық бағалануы да байқала түседі. Музей көрмесінде олар сюжеті мен оқиғасы күрделі туындыларға қызыға бастайды, кейіпкерлердің қылықтарына эмоционалды-ұждандық тұрғыда баға бере бастайды («жаман», «жақсы», «зұлым», «қайырымды», «қорқақ», «адал», «өтірікші», т.б.). Балалар картинаның түстеріне де ерекше мән бере бастайды. Өздерінің салған суреттеріндегі сияқты, олар түсті бейнеленген сюжеттің немесе картинаның кейіпкерлерінің эмоционалды-бағалаушылық сипатының құралы ретінде қабылдайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауы мен көркем шығармашылығының аталған ерекшеліктері көркемөнер музейінде олармен жұмыс істеудің бірқатар әдістемелік принциптерін белгілейді:

1. Олар музейге жылына 3-4 реттен көп емес, әр барғанда 45-50 минуттан артық емес уақыт өткізуі тиіс. Мектеп жасына дейінгі баланың басты әрекет түрі ойын және өзіндік бейнелеу өнері болып табылатын естен шығармаған жөн.

2. Сабақтың тиімділігі педагогтың топта психологиялық бақылау жасауына ғана емес, сондай-ақ музей көрмесінде жұмыс істеу шарттарына да тәуелді. Залдағы шу, келушілердің сөйлеген сөздері, өзге топтағы экскурсоводтың дауысы, балалардың назарын аударып, оларды тез шаршатады, сөйтіп материалдың нашар меңгерілуіне себеп болады.

3. Көрмеде сабақ өткізгенде көрініс қатарының тақырыбы мен ерекше сипаттары да үлкен мәнге ие. Олардың тақырыптары балалардың өмірлік қызығушылығының аясына және қабылданып отырған материалды түсіну деңгейіне сәйкес болуы тиіс. Бұл өнерде табиғат өмірінің («Пейзаж»), адамның сезімдері мен мінездерінің («Портрет»), қоршаған өмірдің оқиғаларының (балаларға түсінетін деңгейде), заттар әлемінің сұлулығы мен алуан түрлілігі («Натюрморт») өнерде көрініс табуына байланысты тақырыптар болуы мүмкін. Музей көрмесінің көріністік қатары мектеп жасына дейінгі балалар үшін контраст (алуан түрлердің, жанрлардың, стильдердің, жеке көркемдік мәнерлердің кезектесуі) принципі бойынша құраған жөн. Ескерткішті қабылдауды оңайлату және балалардың шаршауын азайту үшін салыстыру принципін қолданудың да көмегі зор.

4. Экскурсиялық сабақтар әдістемесі баланың қиялын, сезімдік қабілеттері мен эмоциялық тұрғысын дамытуға бағытталған, және қсымша мақсат ретінде балаларға оларға түсінікті деңгейде өнер туралы білімдер дарытуды көздейді.

Сабақтар барысында оқытудың сөзсіз және ойындық әдістерін пайдаланудың да мәні зор. Әңгіме өз бетімен салынған суреттер мен шығармашылық тапсырмалар, түрлі дидактикалық ойындар, дамытушы жаттығулар жөнінде болып отыр. Сонымен қатар, көрнекілік және диалог принциптерін де ұстанып, әрбір баланың индивидуалды белсенділігі мен өз бетінше ойлау қабілетін аша білуге, сондай-ақ қарым-қатынас жасау және алған әсерлерін ортаға салып талқылау дағдыларын (ұжымдық жұмыс дағдыларын) қалыптастыруға ұмтылу керек.

Музейдегі бастауыш мектеп жасындағы балалар.

Балалар 6-9 жаста музейге жүйелі және жиі келуге, сонымен бірге оқытудың музейлік түрлеріне үйрене бастайды.

Оларға іске асыру үдерісі барысында дамытатын және білім беретін сипаты бар нақты педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді шешетін экскурсиялық циклдер ұсынылады. Олардың мазмұны және әдістеме аталған жас шамасының психологиялық ерекшеліктерімен шартталған.

Бастауыш мектеп оқушысы білімдерінің қалыптасуы мен тұлғасының дамуы өзара байланысты төмендегі екі үдерістің негізінде болады:

- 1) тікелей қабылдау;
- 2) құбылыстар мен әртүрлі заттарды ауызша сипаттауды меңгеру.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мектепте алатын мәліметтері, түсініктері мен ұғымдарының саны ұлғайтылған сайын олардың танымдық үдерісі терең әрі мағыналы болады. Бұл жастағы балалар біртіндеп әртүрлі құбылыстардың себептері мен заңдылықтарын меңгере бастаса, ал білім алу ретке келтірілген сипат алады. Осыған байланысты бастауыш мектеп

оқушыларына музейде білім беру олардың жадына ғана емес, өзбетінше алаңғын мәліметтерді ұғынуға және алдына қойылған сұрақтарға жауап іздеуге негізделуі қажет.

Сонымен бірге қарастырылып отырған жастағы балалар көп жағдайда мектеп жасына дейінгілердің психологиялық сипаттарын сақтайды. Ойлай дейтініміз оларға қабылдаудағы зеректік пен пайымдаушылық әуестік тән. Олар қоршаған ортаны шынайы әуестікпен және анық байқалатын эмоциямен сезінеді. Оған қоса олардың ойлау жүйесі көрнекі сипатты сақтай отырып, сөздік қисын ала бастайды.

Оқыту үдерісі барысында бастауыш мектеп жасындағыларда қиял елесін жаңғырту мен шығармашылық дамиды. Олар қиял мен шығармашылыққа, таныс бейнелерді құрастыруға, өздерінің қиялдарын бейнелейтін қиял-ғажайып әңгімелер мен ертегілерді шығаруға ынталы болып келеді. Бастауыш мектеп жасындағылардың назарлары еріксіз сипатта болып, тұрақсыздықпен ерекшеленеді. Сондықтан да оқыту барысында ерікті назарды дамытып, оның шоғырлануына септігін тигізетін дағдыларды дарыту керек. Алайда, бұл уақытта экскурсиялардың тартымдылық мазмұны мен өткізу формаларын сақтау маңызыды. Өйткені бұл балалардың өнерге деген қызығушылығын оятудың басты себебі болып табылады.

Педагог-экскурсоводтың жастық мөлшер бойынша қабылдаудың ерекшелігі мен ойлап тапқыштық шығармашылық жөнінде білімінің болуы оған оқытудың дұрыс әдісін таңдауға көмектеседі. 6-7 жастағы балаларды оқиганың желісі еліктіреді, соның соңына түскен олар көрсетілген құбылыс кейіпкерлерімен бірге жасап, өзіндік құлықтық баға береді. Оның барысында бағалаудың бір мағыналылығы мен кейіпкерлерді жағымды және жағымсыз («жақсы» мен «жаман») сипатына қарай бөлу принципі олардың қабылдауының ерекшелігі болып қала береді. Сонымен бірге оларда сюжеттен ғана әсер алушылық пайда болмай, бейнеленген оқиганың ішкі атмосферасынан, портреттегі көңіл-күй мен пейзаждағы табиғаттың қалпынан әсер алу қалыптасады. Өздірінің қатынастарын олар сөздік формада білдіріп, бағамдайды.

Ал, 8-9 жастағы балалар өнер саласы бойынша аздаған көркемдік ақпарат пен терминологияны игеріп, көркемдік өмірдің фактілерін салыстырып, қарапайым талдаулар жасай алады. Олар оқыту материалдарын жүйелей алу жағдайына жеткендіктен, бұл экскурсияның тақырыптарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұл жастағы балалармен экскурсиялық жұмыс барысында, мектеп жасына дейінгілердегі тәрізді, экскурсияны диалог түрінде жүргізу формасы, дидактикалық ойындарды, дамыту жаттығуларын және шығармашылық тапсырмаларды кеңінен қолдану барынша нәтижелі болады. Оған қоса бейнелі тәжірибеге қарағанда шығармадан алған әсерді сөйлеу арқылы беру формаларына барынша көңіл аударуға болады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қоршаған ортаға деген қатынасы мейілінше саналы болатындығын есепке алсақ, экскурсия үдерісі барысында өнер туындылары арқылы олардың құндылыққа қарай бейімделуіне және музей ескерткіші

негізінде мәдениет әлемін танудың дағдыларын саналы түрде игеруіне назар аудару қажет. Мұндай бағыттағы экскурсиялардың жалпы мақсаты музейлік мәдениетті қалыптастыру деп есептеуге болды, яғни музейдің құндылық әлеуетін түйсіну және музей затына материалдық және рухани мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қарау. Аталған міндеттер «Музеймен алғашқы танысу», «Музейдегі картина», «Заттар не туралы сыр шертеді» атты тақырыптарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Бастауыш мектеп жасындағы балалармен көркемдік музейлердегі экскурсиялық жұмыстарда көрнекілік сауаттылығын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Оған байқампаздық, қарапайым формада талдау жүргізу және көркемдік әсерді жалпылау тәрізді қасиеттерді дамыту, сонымен бірге көрген дүниелерін шығармашылық тұрғыда қабылдау және ұғыну кіреді. Сондықтан да көрсетілген жастағы балаларға арналған экскурсияларда оларға тыңғылықты әрі зейін салып қарауға мүмкіндік беру және алған әсерлерін айтуға итермелеу. Сонымен бірге кез келген шығарманың элементтерінің көркемдік ерекшеліктері жөнінде диалог жүргізуді қалыптастыру. Жалпы сипаттағы өнер жөніндегі мәліметтер тікелей қабылдауға сүйеніп, нақты көрнекі бейнеден алынған көру негізінде алынатын және эмоционалдық әсер арқылы бекітілуі керек.

Музейдегі орта мектеп жасындағы балалар.

Әлеуметтік зерттеулердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ бұл жас аралығындағы топ кез-келген бейіндік бағыттағы музейлер аудиториясының басым көпшілігін құрайды – 30-дан 60 % дейін. Музейдің негізгі іс-шаралары көбіне осы жастағы балаларға бағытталады. Орта мектеп жасындағы оқушылардың музеймен байланысы олардың жас ерекшеліктерімен, психологиясы мен санасының кейбір қырларымен сипатталады. Жас өспірімдік жас шамасы балалықтан ересектік жағдайға өту кезеңі болып табылады. Бала өмірі мен қызметінің жағдайлары өзгереді, психикасында өзгерістер орын алып, адамдармен қарым-қатынас жасаудың қалыптасқан ескі формалары бұзылады. Ғылым негіздерін жүйелі түрде оқу олардан сана деңгейінің жоғары болуын, объектілер арасындағы аса күрделі және абстрактілі қатынастарды түсінуді, дерексіз ұғымдардың қалыптасуын талап етеді. Оқыту үдерісі барысында олардың ойлау жүйесі аналитикалық сипат алады, белсенді және өз алдына ойлау, салыстыру, терең тұжырымдар мен қорытындылар жасау қабілеті дамиды.

Жасөспірім кезеңінде ес пен назар маңызды өзгерістерге ұшырайды. Соның негізінде олар көп жағдайда еркін болып, ұйымдасқан, реттемелі және басқарылмалы үдерістер сипатын алады. 10-12 жас аралығында балалардың сурет салуында «табиғи дағдарыс» басталады. Көптеген жасөспірімдер сурет салумен айналысуды тастап, көңіл аудару жеке бейнелеу шығармашылығынан көркем қабылдау саласына ауысады. Жасөспірім шеберліктің маңызы мен оның негіздерін игерудегі кәсіби білім алудың ролін түсіне бастайды. Бұл баланың өнерді жүйелі және терең білуге, оның тарихи даму этаптары мен көркем-бейнелік мәнін түсінуге дайын екендігін білдіреді. Осыған байланысты қарастырылып отырған жастағы оқушыларға ұсынылатын

экскурсиялық бағдарламаларға олардың нақты бір саладағы білімдерін кеңейтетін арнайы тақырыптық және тарихи кезеңдерді қосу қажет бола бастайды.

Жас өспірімдік уақытта тұлғаның қалыптасуындағы ерекшеліктердің ішінде адамгершілік сананың, өзіндік сананың, есейгендік сезімнің қалыптасуын және өзінің іс әрекетінде дербестікке ұмтылуды бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар осы жасқа «өзіндік қаһарманды» іздеу өте тән, соған ұқсауға тырысу сипат алады. Ол қандай да бір қоғамдық немесе саяси тұлға, қазіргі күнгі танымал музыка мәдениетінің өкілі, қоршаған ортасындағы адамдардың бірі болуы мүмкін. Ондай тұлға сүйікті суретшісі де бола алады. Экскурсия жетекшісінің суретшінің тағдыры мен тұлғасы жөніндегі қызықты әңгімесі жасөспірімді қызықтырып, өнер саласына деген терең қызығушылығының қалыптасуына септігін тигізуі мүмкін.

Жоғарыда айтылып өткендей, көкемдік музейдің жасөспірім балалармен жұмыс істеуінің тақырыптары мен түрлері барынша әртүрлі бола түседі. Көркем өнер тарихы мен мәні жөніндегі экскурсиялардан бөлек, оларға «Суретшілер туралы әңгімелер» атты жалпы тақырыптағы күрделі циклдер ұсынылуы мүмкін. Көркем өнер музейі экскурсиялық жұмысының әдістемесінде дидактикалық ойнар және жаттығулар мен қатар жас өспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне жауап беретін диалог, әңгіме, пікір-таластар кеңінен қолданылады. Осы аталған формалар жоғарғы сыныптағы оқушылармен жүргізілетін экскурсиялық жұмыстарда да жарамды, тіпті жетекші орынға шығады. Сонымен қатар шет елде жас өспірімдерді ұлт мәдениетіне араластыру үшін, туған елінің тарихымен таныстыру мақсатында музей қабарғаларында мектеп үйірмелері, клубтары құрылады.

14 тен 18 жасқа дейінгі аралық жастық шаққа өту кезеңі. Бұл уақытқа өмірдің мақсаты мен мәнін іздеу, кәсіби тұрғыда өз тағдырын өзі таңдау, көркем шығарманың философиялық мәселелеріне, суретшінің дүниетанымына және қазіргі көркем өнердің мәселелеріне қызығушылықтың сипат алуы тән болып келеді. Жоғарғы сынып оқушылары өнердің кәсіби сұрақтарына қатысты материалды біршама саналы және қызығушылықпен қабылдайды, бұл экскурсия тақырыптарына көркем өнердің мәні мен мазмұнына байланысты тақырыптарды қосуға мүмкіндік береді.

Музейдегі студенттер.

Музейлердің қызметінде аудиториямен жұмыс істеудің екі бағыты нақты белгіленді. Біріншісі, жастарға болашақ мамандығын игеруде көмектесумен байланысты дәстүрлі түрі. Әртүрлі бейіндік музейлермен бір жағынан және ЖОО-мен екінші жағынан түрлі бағыттағы қарым қатынастар орнатылады. Оған кәсіби білім берудегі көмекті, болашақ мамандардың дағдыларын және қызығушылықтарын арттыруды жатқызуға болады. Осылармен бірге студенттерге музейлік білім берудің кең тараған тағы бір түріне музейдегі тәжірибені жатқызуға болады. Студенттермен жұмыс істеудің екінші бағыты ол білімді гуманитарландырумен байланысты. Мәселен, шет ел мамандары шығармашылықта жұмыс істейтін маманды

даярлау үшін, гуманитарлық мазмұнда тәрбие беру, эстетикалық ой-қабілетін дамыту, шығармашылыққа бейімдеу өте маңызды деген пікірге келген. Мамандардың тұжырымдауынша көрсетілген екі бағыт студенттермен жұмыс істеуде барынша перспективалы.

Қарастырылып отырған аудиторияның әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне келетін болсақ, бұл топтағы білім алушылар біршама алдыға басқан, саналы түрде бір мамандықты игеру жолына тұрғандар. Дегенмен, студенттік жас шамасы үшін белгілі бір мөлшерде әлі де болса мектеп даму кезеңдеріне тәуелділік тән. Биологиялық және психикалық ерекшеліктермен анықталатын жас өспірімдердің физикалық және әлеуметтік дамуларының біртекті еместігін сонымен бірге әлеуметтік жетілуіндегі кейбір екі ұштылықты есепке алатын болсақ, оның жас шамасы белгілері нақты көрсетілмеген болып шығады.

Студенттік шақ – бұл өзінің құрамы жағынан өте күрделі, тұрмыс-салты, психологиясы, құндылықтар жүйесі жағынан ортақ және білім алу үшін біріккен, мектеп жасынан кәсіби қызметтеріне байланысты үлкен өмірге қадам басқан бірлескен әлеуметтік топ.

Айналадағы шынайылықты барынша тереңірек түсіну үшін студенттер болмыстың көптеген сұрақтарына жауапты өнерден іздеп, соның бейнесі арқылы шынайылықтың мағынасын ұғынуға тырысады. Студенттерге бағытталған экскурсияларда ұсыналатын материалда төмендегідей үш аспекті есепке алынуы қажет: танымдық (зерденің дамуы), сезімдік (әсерлі ықыластылық және музей ескерткішінің бенелік ерекшелігін ұғыну) және толқымалы (ескерткіштің негізінде әсерлену).

Олардың мөлшері топтың жастық және зерделік ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Студенттермен көркемөнер музейінде жұмыс істеуді педагогикалық үдеріс ретінде қарастыру барысында мынаны естен шығармау қажет. Тұлғалық қарым-қатынас жағынан алғанда бұл жас болмыстық және эстетикалық сезімнің белсенді даму, мінездің қалыптасуы мен тұрақталу, ересек адамның әлеуметтік қызметін толық меңгеру (оның ішінде азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби) кезеңіне сәйкес келеді.

ЖОО білім беру барысында білім алу жүйесі ерекше маңызға ие болса, оның ролі музейде де маңызды болып табылады. Көркемөнер музейінің білім беру қызметі студенттердің ой-өрісін кеңейтеді, жалпы білімдарлығын байытуға мүмкіндік туғызады, өнер тарихы саласы бойынша белгілі бір біліп береді және шығармаларды көркемдік жағынан талдай білу дағдыларын қалыптастырады.

Аталған жағдайларды есепке алатын болсақ, студенттер көп жағдайда кең сурет өнері немесе белгілі бір шебердің шығармашылығы тарихи-мәдени кеңістікте ұсынылған тақырыптық экскурсияларға бағыт алады. Бұл осы топ көрермендерінің жүйелі түрде білім алу сұраныстарына жауап береді.

Студенттік аудиторияға экскурсияны дайындау барысында топтың зияткерлік және көркемдік даярлық деңгейін міндетті түрде естен шығармау қажет. Ол үшін өзара зияткерлік және эмоциялық тұрғыда өзара ынталы шығармашылық жұмыс жағдайын қалыптастыру қажет.

Экскурсиялық дәріс студентке келесідей мүмкіндіктер беретіндігін ерекше атап өткен жөн:

- түпнұсқамен жұмыс істеу;
- нақты ескерткіштер мысалында көркемдік талдаудың әдіс-тәсілдерін меңгеру;
- сурет өнері шығармасының көркемдік-бейнелік жүйесін түсіну.

Тақырыптың мәнұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар

- 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері.*
- 2. Мектеп оқушыларында экскурсиялық сабақ өткізудің ерекшеліктерін сипаттаңыз.*
- 3. Музейде студенттік аудиториямен жұмыс істеудің ерекшелігі.*